

ӘӨЖ: 378.018.43

**КОРЕЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫН ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ:  
МАҢЫЗЫ МЕН КЕЛЕШЕГІ**

**Абжаппарова Бибіхадиша Жүрсінқызы**

*Hadisha\_1960@mail.ru*

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті,  
т.ғ.д., Шығыстану кафедрасының профессоры м.а.

Қоғамның қазіргі даму кезеңіндегі ақпараттық технологиялар біздің өмірімізге үлкен әсер етеді. Мұндай жағдайда Кореяның ежелгі және орта ғасырлар тарихын оқытуда да ақпараттық технологияларды пайдалану маңызды орын алады. Заманауи әлемдік білім беру стандарттары әлемде тез бейімделуге қабілетті, жоғары білімді, ойланатын және шығармашылық тұрғыдан дамыған адамды дайындауға бағытталған [1]. Мұны қазіргі жастар біледі, сондықтан корей бөлімінің студенттері корей елінің тарихын, мәдениетін, саясатын үйренуге көбірек уақыт жұмсайды. Корей елінің тарихын үйрену қажеттілігінің артуына байланысты қазіргі кезде оқыту әдістерінде елеулі өзгерістер болды.

Соңғы жылдары ақпараттық технологияның дамуына байланысты, жоғары оқу орындарында білім беруді жетілдіруге үлкен көңіл бөлінуде. Білім беру қызметін түрлендірудің ең тиімді әдісі - ақпараттық технологияларды (IT) шығармашылық жағынан қолданумен байланысты білім беруді ақпараттандыру. Ғаламдық ақпараттық желілер - бұл қажетті ақпаратты алуға және жылдам байланысудың технологиялық негізі. Әр түрлі елдердің университеттері ақпараттық технологияларды оқу процесіне белсенді енгізуде.

Қазір әлемді шарлаған коронавирус жағдайында Білім және ғылым министрі Асхат Аймағанбетов жоғары оқу орындарында жаңа оқу жылы қашықтан оқыту жалғасатындығын

айтты [2]. Сондықтан оқу үдерісін ұйымдастыру барысында Кореяның ежелгі және орта ғасырлар тарихын қашықтан оқыту маңызды болып отыр.

Қашықтан оқыту – оқытушы мен студент арасындағы қандай да бір болмасын қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелеуімен өткізілетін оқыту түрі болып табылады.

Қашықтан оқытудың болашағы зор, өйткені ол ғаламдық ғаламторда жинақталған әлемдік мәдени және білім беру құндылықтарын пайдалануға және біртұтас ақпараттық-білім беру кеңістігі негізінде үздік оқытушылардың жетекшілігімен білім алуға мүмкіндік береді. Қашықтан оқыту тәсілі арқылы білім алу дәстүрлі оқыту жолымен емес жаңашылдығымен қызықтырады. Соңғы жылдары қашықтан оқыту танымал болып, бүгінде білім беру үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Соған сәйкес халықаралық талаптарға сай көптеген оқу бағдарламалары әзірленді. Ақпараттық технологияларды прогрессивті қолдану білім беру порталдарын, бейнеконференцияларды, электронды пошта корреспонденцияларын құруға әкелді. Қазақстанда белсенді қолданылатын қашықтан оқытудың ең танымал жүйелерінің бірі (LMS) - Moodle. Оқытуды басқару және ең алдымен оқушы мен оқытушы арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастыруға бағытталған. Moodle тілдік қолдау мен дизайн шаблондарымен қатар, тағайындау типтері, курс пішімдері, курстық есептер, бағалар туралы есептер, әкімшінің есептері, тесттердегі сұрақтар типтері, тест / импорт / экспорт форматтары, тест есептері, курстық жазылым плагиндері сияқты модуль түрлерін қосуға мүмкіндік береді. Бұл жүйе сонымен қатар ағымдық және аралық бақылауды жүргізуге мүмкіндік береді, бұл «жинақтау, алған білімді, дағды мен қабілетті шоғырландыру, білімдегі олқылықтарды анықтау» маңызды аспект болып табылады. Бұл жүйе Қазақстанда, атап айтқанда Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де енгізілген. Академилық ұтқырлық бағдарламасымен Корея Республикасында білім алған студенттерге осы Moodle жүйесі арқылы байланыс жасап, үнемі дәрістері, тапсырмаларын беріп, апта сайын бақылауға мүмкіндік туды. Осылайша, «өзін-өзі бақылау - бұл заманауи жоғары технологиялық өндірістің жаңа техникалары мен технологияларын тез игеруге, қиын жағдайларды талдауға, жауапты шешімдер қабылдауға және өзінің біліктілігін үнемі жетілдіруге қабілетті жаңа типтегі маманның қызметінің ажырамас сипаттамасы» [3]. Корейтанушы мамандарды даярлауда оқитын елдің тарихы, мәдениетінің әр қырымен танысып қана қоймай, шығармашылық ойлау мен есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Кореяның ежелгі және орта ғасырлар тарихын қашықтан оқыту әдісінің бірқатар жағымды жақтары бар. 1) Экономикалық фактор. Қашықтан оқыту жаңа технологиялардың дамуымен жақсаратын перспективалы нарық, іскерлік қызмет үшін маңызды алаң ретінде қарастырылады. 2) жеке тәсіл. Оқыту бағдарламасы - студенттің жеке ерекшеліктерін ескере отырып біріктіруге болатын модульдер топтамасы. Бұл тәсіл оқу жоспарын практикалық жұмыстармен үйлестіруге, өндірістік тапсырмалар негізінде түзетулер енгізуге, оқыту қарқынын созуға немесе арттыруға мүмкіндік береді. Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың негізгі үш түрі: онлайн (синхрондық), оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар бар [4].

Қашықтан оқыту барысында онлайн, оффлайн тәсілдері қолданылады. Онлайн оқыту интернет, білім, компьютерге немесе интернетке қосылған басқа гаджетті пайдаланып білім мен дағдаларды игеру, Бұл форма қашықтан оқыту саласында пайда болды және интернеттің және цифрлық технологиялардың дамуымен байланысты оның логикалық жалғасы болды [5].

Онлайн оқытудың жұмыс кезеңдері. Техникалық құралдарды таңдау: оқу процесі сәтті болуы үшін оқытушы мен студент арасындағы байланыс қосымша техникалық құралдардың, ең

алдымен оқушының компьютерінің қатысуымен жүзеге асырылуы керек. Компьютерде веб-камера болуы, сонымен қатар Teams, ZOOM т.б. орнатылуы, сонымен қатар жылдам Интернет болуы керек. Өзіміздің тәжірибемізге сүйене отырып, оқытушы мен студент үшін құлаққап пен микрофонның болуына назар аударуға кеңес береміз, бұл сөйлеудің дыбыстық сапасын едәуір жақсартады. Кәдімгі сабақтардағыдай, оқушы дәптер, қалам, қосымша әдебиеттерді қолдана алады.

Бір жағынан, оқытудың бұл тәсілі дәстүрлі бетпе-бетке өте ұқсас, және кез-келген қажетті Интернет-ресурстарға қол жетімді.

Бірақ, екінші жағынан, қашықтан жүргізілетін сабақтар кәдімгі сабақтардан өзгеше, өйткені ақпарат басқа тасымалдаушылардан, көбінесе ұялы телефоннан, компьютерден, микрофоннан қолданылады.

Сынақ сабағын өткізу: алғашқы сынақ сабағы өте қысқа болуы мүмкін, осы уақыт аралығында оқытушы студентпен танысып, жеке сабақ кестесін талқылауы, олардың ұзақтығы мен жүйелілігін анықтауы керек. Ең бастысы – оқитын елдің тарихын білу мақсатын анықтау, міндеттер қою, оқытудың күшті және әлсіз жақтарын анықтау, сабақтың жеке бағдарламасын түзету. Оқытудың негізгі әдістері мен әдістерін анықтау: сынақ сабағын өткізгеннен кейін оқытушы студентпен жеке жұмысының ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, мақсаттарына сәйкес әрі қарай жұмыс істеудің тиімді әдістері мен тәсілдерін анықтауы керек.

Teams-тағы онлайн сабақтарында ғылыми еңбек жазу дағдыларын үйретуге байланысты әртүрлі тәсілдермен оқытуға болады. Кейбір студенттерге сабақ барысында әртүрлі эссе жазуға, сонымен қатар жастардың күнделікті қолданатын жазбаша хабарламаларын ұсынуға болады. Топпен жұмыс жасау барысында тақырыптарға сәйкес Постер әзірлеуге де назар аударған дұрыс.

Әрбір қашықтан өткізілетін сабақ үшін студенттің қарым-қатынас жасауға түрткі болатын семинар сабақтарында тақырыптың мәнін ашып сөйлеу, ой қорытуы керек екенін есте ұстаған жөн. Сабақтағы жұмысты қорытындылау: жұмыстың бұл кезеңі оның әдіснамасына жеке ерекшеліктеріне сәйкес өзгерістер енгізу үшін студенттің жаңа материалды игеру дәрежесін анықтау болып табылады. Тақырыпты игергендігі жөніндегі дағдыларды тексерудің ең жылдам түрлерінің бірі - әр түрлі онлайн-тесттер, оның нәтижесін аяқталғаннан кейін бірден білуге болады.

Жұмыс логикасын қатаң ұстану, объективті бағалау білім алушының алғашқы жетістіктерін мадақтаумен ұштастырылуы керек.

Көптеген студенттер үй тапсырмасын орындағанды ұнатпайды, бірақ үнемі бақылау студенттік тәуелсіздік пен өзін-өзі ұйымдастыруға көмектеседі. Интернеттегі сабақты өткізгеннен кейін оқытушы электронды түрде Platonus бағдарламасы арқылы студенттерге үй тапсырмасын силлабусқа сәйкес таңдап, жіберуі керек, оны ол өз бетінше аяқтап, келесі сабақтың басталуына дейін тексеру үшін оқытушыға жіберуі керек. Содан кейін оқытушы қателерін келесі сабаққа дейін тексереді. Студент үй тапсырмасын үнемі орындауы керек, бұған немқұрайдылықпен қарауға болмайды.

Интернеттегі Кореяның ежелгі және орта ғасырлар тарихы сабағын оқыту барысында жұмыстың негізгі кезеңдерін бақылау, мақсаттарды, міндеттерді тарихты интерактивті оқытудың жағымды жақтары байқалды:

– оқытушымен қарым-қатынас кезінде қатаңдық байқалмайды, бұл студенттің тиімді оқуына көмектеседі;

– сабақ достық жағдайда өтеді;

– оқытушы әр түрлі отандық тарихшылардың оқулықтарынан, ғылыми мақалаларынан қажетті тақырыптарды зерттеуге материал ұсына алады;

– студент онлайн сабақты өзімен бірге өткізіп, бос уақытында материалды есте сақтау үшін қажетті үзілістер жасап, қажетті уақытты тыңдай алады.

Пайдаланылған ғаламтор материалын дайындау: сабақтың қазіргі заманғы талаптарға сай болуы үшін оқытушыға келесі кеңестер ұсынылады:

– онлайн сабақ басталар алдында оқытушы сабақта пайдалануды жоспарлаған материалды ұсынады. Сабақ барысында бұл материалды Teams, ZOOM, Skype бағдарламасындағы «экранмен бөлісу» қосымша опциясы арқылы электронды түрде қолдануға болады;

– оқу процесінде жоспарланған материалдармен жұмыс жасау барысында: баспалардан алынған PDF форматындағы оқулықтар, сабақтардың әдістемелік дамудың барлық түрлері, диалогтар, көрнекі материалдар, оқуға арналған кітаптар және т.б беріледі.

Қашықтан оқыту жүйесінде жаңа технологияны енгізуге басымдық берілмеуі керек, ең алдымен жан-жақты әзірленген оқу курсына сәйкес келетін әдістемелік база құру керек. Кітапханалардағы кітап қорлары ғана емес, ең тиімді шешім қашықтан басқару үшін ақпараттық орталықтар құру, электрондық каталогтарға қол жетімділік студенттерге айтарлықтай көлемді ақпараттар алуға мүмкіндік береді.

Бірінші кезекте интерактивті электрондық оқыту бағдарламаларын құру керек. Презентация, видеодәріс, электрондық оқулық, бекіту сұрақтары, тестілеу сұрақтары қажет.

Кореяның ежелгі және орта ғасырлар тарихын зерделеу кезінде мультимедияны қолдану мәселесі туындайды. Видео, аудио материалдарды, суреттер, карталарды пайдалану Кореяның археологиясы, этнографиясы, тарихы, географиясын тереңірек ұғынуға көмектеседі.

Электронды интерактивті оқулықтың болуы дидактикалық қордан баспа материалдарының болуын жоққа шығармайды. Қайта студент қажет болған жағдайда оқулыққа енгізілген мәтіндерді өзі басып шығара алады.

Кореяның ежелгі және орта ғасырлар тарихынан жасалған авторлық электрондық оқулығымда дәріс мәтіндері, видео дәріс берілген. Әр тақырыптан кейін бекіту сұрақтары мен тапсырмалары бар. Әрбір тақырыпқа презентация, анимация, сұрақтар, тест сұрақтары берілген. Бұл студенттің тақырыпты меңгеріп, түсінуіне ықпал етеді. Алайда студенттердің тақырыпты игеріп, оған шығармашылықпен қарауы семинар сабақтарында ашыла түсетіндіктен, қашықтан оқыту барысында студенттер өз презентацияларымен бөлісу арқылы да ойларын ортаға сала алады.

Сонымен, жоғарыда айтылғандардан қорытынды жасай отырып, онлайн режиміндегі қиындықтар мен кемшіліктерге қарамастан, қашықтан оқытудың көптеген артықшылықтары бар, ол кеңістіктік кедергілерді жояды, тарихты әр түрлі деректер, сілтемелер арқылы үйренуге мүмкіндік береді. Студенттер шыдамдылық, ымыраға келуге шешім қабылдауға дайын болу және басқа адамдардың пікірлерін құрметтеу сияқты дағдыларды дамытуға мүмкіндік алады. Сондықтан, қашықтан оқыту жастардың кейбір психологиялық мәселелерін шешуге

көмектеседі, олардың коммуникативті саласын кеңейтеді және оқуға деген ынтасын дамытуға ықпал етеді деген қорытынды жасауға болады.

#### Пайдаланған деректер тізімі

1 Григоренко С.Е., Сагалаева И.В., Фисунова Н.В. Online-занятие как одна из форм дистанционного обучения иностранному языку в вузе // Современные проблемы науки и образования. – 2018. – № 5.; URL: <http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=28088> (дата обращения: 15.08.2020).

2 Университеттерде оқыту қашықтан жүргізіледі – министр. [https://www.inform.kz/kz/universitetterde-okytu-kashyktan-zhurgiziledi-ministr\\_a3679518](https://www.inform.kz/kz/universitetterde-okytu-kashyktan-zhurgiziledi-ministr_a3679518) (жүктелген уақыты: 15.08.2020)

3. Зубанова С.Г. Привитие навыков самостоятельной учебной работы студентов в процессе подготовки бакалавров социальной работы. Сборник учебно-методических статей. Российский государственный социальный университет Филиал в г. Люберцы; Редакторы – составители: Волкова Н.Н., Паршина В.В., Кузнецова Н.В. Москва, 2014. С. 37-38.

4 **Самеков М.** Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтан оқыту технологиясы. <http://zkoipk.kz/2016smart1/2543-conf.html> (жүктелген уақыты: 15.08.2020)

5 Бекқажы А. Қашықтан оқыту мен онлайн оқудың ерекшеліктері. <https://jasacademy.kz/ashy-tytan-o-y-tu-men-onlajn-o-udy-erekshelikteri/> (жүктелген уақыты: 15.08.2020)